



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

А. БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚОСТАНАЙ Өңірлік университеті

АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ
БЕРУДІҢ ҮЗДІКСІЗДІГІ –
ЗАМАНАУИ ПЕДАГОГТАРДЫҢ
ТАБЫСТЫЛЫҒЫНЫҢ КЕПІЛІ»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

МАТЕРИАЛДАРЫ

I КІТАП

АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ
КОНФЕРЕНЦИИ

«НЕПРЕРЫВНОСТЬ ПЕДАГОГИЧЕСКОГО
ОБРАЗОВАНИЯ – ЗАЛОГ УСПЕШНОСТИ
СОВРЕМЕННЫХ ПЕДАГОГОВ»

I КНИГА

Қостанай, 2022

Список литературы:

1. Среднее образование в Казахстане: состояние и перспективы. – Астана: Национальная академия образования им. И. Алтынсарина, 2015. – 248 с.
2. Сейткалиева Г.М., Примбетова С.Ч. Модернизация системы общего среднего образования в Казахстане и его роль в повышении качества образования // Место социально-гуманитарных наук в развитии современной цивилизации: сборник научных трудов по материалам Международной научно-практической конференции 31 января 2020г.: Белгород: ООО Агентство перспективных научных исследований (АПНИ), 2020. С. 75-77. URL: <https://apni.ru/article/432-modernizatsiya-sistemi-obshchego-srednego-obr>
3. Об утверждении Государственной программы развития образования и науки Республики Казахстан на 2020- 2025 годы. Постановление Правительства РК от 27.12. 2019 г. № 988.
4. <https://www.unisender.com/ru/support/about/glossary/tajm-menedzhment/>.

ӘОЖ 964.54

МУЗЫКА ТЫҢДАУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУ

Миятбек Рауан Жарқынбекұлы,
М.Әуезов атындағы
Оңтүстік Қазақстан
мемлекеттік университетінің
2-курс магистранты

Аннотация

Өзектілігі және мақсаты. Музыкалық білім мен тәрбие берудің мақсаттарын жүзеге асыру үшін оқушыларды музыкалық шығармаларды орындап қана қоймай оны терең сезіммен, саналы түрде қабылдап, тыңдай білуге үйрету музыка маманының басты міндеті.

Түйінді сөздер: музыка, шығармашылық, музыкалық шығармашылық.

Аннотация

Актуальность и цель. Для достижения целей музыкального образования и воспитания основная задача специалиста-музыковеда состоит в том, чтобы научить учащихся не только исполнять музыкальные произведения, но и воспринимать и слушать их с глубоким чувством и сознанием.

Ключевые слова: музыка, творчество, музыкальное творчество.

Abstract

Relevance and goal. In order to achieve the goals of music education and upbringing, the main task of a music specialist is to teach students not only to perform musical compositions, but also to perceive and listen to them with deep feeling and consciousness.

Keywords: music, creativity, musical creativity.

Музыкалық білім мен тәрбие берудің мақсаттарын жүзеге асыру үшін оқушыларды музыкалық шығармаларды орындап қана қоймай оны терең сезіммен, саналы түрде қабылдап, тыңдай білуге үйрету музыка маманының басты міндеті. Сондықтан, оқушыларды музыканы дұрыс түсініп, талапқа сай тыңдай білуге тәрбиелеу арқылы олардың ой-өрісін, терең сезімін, санасын, қиялын, талғамын, жалпы өнерге деген сүйіспеншілігі мен жоғары мәдениеттілігін дамытамыз.

Жалпы балалардың көпшілігі мектепке дейін бірдей дамып келмейді. Бойында еш қабілеті жоқ адам болмайды, әсіресе «әу» демейтін адам жоқ, сондықтан оқушылардың бойларында өнердің қай түріне бейім қабілеттерін дамыту үшін музыка тыңдау, олардың сезім пернелерін ояту арқылы жүзеге асырылары сөзсіз. Қайсібір балалар көркем суретке, кейбіреулері ән айтуға, би билеуге, аспапта ойнауға бейім болса, кейбір оқушылардың бойында ақындық, жазушылық, актерлік таланттар бұғып жатуы мүмкін.

Оқушыларға музыка тыңдату процесін дұрыс ұйымдастыра біліп, олардың сол музыкаға деген қызығушылығын арттыра отырып беретін психологиялық әсері мен тәрбиелік мәніне көңіл аудару керек [1].

Төменгі сынып оқушыларының музыка тыңдау дағдыларын дұрыс қалыптастыру барысында олардың жас ерекшеліктерін ескеріп, шағын, жеңіл музыкалық шығармаларды тыңдатудан бастауымыз керек. Музыканың орындалу ырғағына, тембіріне және шығарманың мазмұнына, тәрбиелік мәніне көңіл бөлу керек.

1. Музыкалық шығарманың сипатын (характерін) сезіну, естіген музыкаға эмоциялық әсерін көрсету, музыкалық бейнені түсіну.

2. Тыңдау қабілеттілігі, музыкалық құбылыстарды салыстырып, баға бере білу. Мұның өзі ең қарапайым музыкалық дыбысты тыңдап, ести білу мәдениетін, қайсібір бейнелеу құралдарына ден қойып, еркін тыңдау қабілеттілігін талап етеді. Мысалы, балалар музыкалық дыбыстардың ең қарапайым қасиеттерін, аспаптардың (рояль, скрипка, баян, домбыра, қобыз, т.б) жоғары және төмен тембрлік дыбыстарын бір-бірімен салыстырады, әннің бастамасын, қайырмасын (музыкалық шығарманың ең қарапайым құрылымын) бір-бірінен айырады, бір-біріне қарама-қарсы көркем бейнелердің айырмашылығын байқайды.

3. Музыкаға жеке шығармашылық көзқарас қалыптастыру. Бала музыка тыңдап отырғанда көркем бейнені, жанрды (әнді, күйді, биді) көз алдына өзінше елестетіп қабылдайды [2].

Музыкалық тәрбие беруде негізгі көрнекілік – ол музыкалық шығарманың өзі болып табылады. Музыкалық білім есту арқылы қалыптасады, сондықтан, оқушылардың есту қабілетін дамыту музыка тыңдау арқылы жүзеге асып, барлық музыкалық түсініктер қалыптасады. Түсініктермен қатар оқушылар музыка жанрлары, шығармалардың құрылысы, музыканың тілі, сазгерлердің өмірі мен шығармашылығы туралы мағлұматтар алады.

Оқушыларға тыңдататын әр музыкалық шығарманың мазмұны музыкалық тәрбиенің мақсат-мүддесіне сай болу керек. Музыкалық шығарма әр класс оқушыларының жас ерекшеліктеріне сай іріктелуі керек. 1-2 класс оқушыларына тыңдатылатын музыкалық шығарма шағын, жеңіл, ойналу ұзақтығы 1-1,5 минуттан аспайтын, 3-4 класс оқушыларына 3 минуттай болуы керек. Тыңдатылатын музыкалық шығармаларды жеңіл және күрделі (байсалды) деп топтауға болады [3].

Күрделі, маңызды музыкаларға қарағанда жеңіл музыканың мазмұны жұтаң, терең сезімге жетелемейді. Жеңіл музыкалардың ішінде бос, бас ауыртатын ешқандай мағынасы жоқ музыкалар да болады. Әсіресе соңғы кездері сондай әуендер көбейіп кеткені мәлім, мәнсіз, мағынасыз, құр дүңкілдеген ұрмалы аспаптардың дыбыстарымен адамды еріксіз қозғалтатын тыңдаушының жүйкесіне балғамен ұрғандай әсер етуі арқылы нәзік сезімдер мен түйсіктерді жойып, мидың, жүйке жүйелерінің жұмысын әлсіретеді. Мұндай музыкаларды жас балаларға ұзақ тыңдату оларға кері әсер беретінін музыка маманы жақсы білуі керек. Сондықтан, төменгі класс оқушыларына музыка тыңдатуды шағын, жеңіл болса да мағыналы күрделі музыкалық шығармаларды тыңдай білуге баулып, музыка тыңдау репертуарына вокалдық, аспаптық шығармаларды, халықтық, кәсіби классикалық (орыс, шетел) және қазіргі заман музыкаларын енгізген дұрыс [4;32].

Музыкалық шығармаларды қабылдау кезеңінде оларды игеру мынадай төрт кезеңге бөлуге болады:

1. Мұғалімнің кіріспе сөзі
2. Алғашқы тыңдау
3. Шығарманы талдау
4. Шығарманы қайталап тыңдау

Мұғалімнің кіріспе сөзі оқушылардың зейінін орындалатын шығармаға аудару мақсатында болуы керек. Тыңдатылатын музыканың мазмұнын музыканың мазмұнын толық ашып баяндап берудің қажеті жоқ, олай ету оқушылардың өздерінің ойлау, түйсіну, елестету қабілеттерін дамытпайды, керісінше музыканы тыңдамас бұрын олардың зейінін толық әзірлеп, тыңдап отырғанда «Нені байқайсыңдар? Музыка нені баяндар екен? Көз алдарыңа нені елестеттіңдер?» деген сияқты қызықтыра, ынталандыра түсетін тапсырмалар оқушылар бойындағы қиял, шығармашылық қабілетті дамытады [5].

1. Кіріспе әңгіменің барысында тыңдатылатын музыканың авторы – сазгер туралы қысқаша түсінік беріп, осы шығармаға байланысты баяндау керек. Кейбір музыка пәні мұғалімдері тыңдататын шығарманың композиторлары туралы толық дәріс оқып, туған, өмірден өткен жылдарын, оның бүкіл өмір белестерін айтып жатады, әрине бұл дұрыс емес, әсіресе төменгі класс оқушылары соншама көп мәліметті есте сақтай алмай музыка тыңдауға деген ынталары, зейіні түсіп, қызығушылықтары басылып қалады. Сондықтан, оқулықтағы немесе музыка кабинетіндегі сазгердің портреттерін көрсетіп таныстыру арқылы өте нақты қысқаша мәлімет берілгені дұрыс. Мысалы, халық композиторы Қорқыттың «Ұшардың ұлуы» күйімен таныстырғанда Қорқыт туралы аңызды қысқаша баяндап, Қорқыт ата қазақ халқының күй өнерінің негізін қалаған «күй атасы Қорқыт» деп аталатынын және ол туралы халық арасындағы аңызды айтып, «қайда барсаң Қорқыттың көрі» деген мақал сөздің мағынасын ашып беруге болады. Халық композиторлары Құрманғазы мен Тәттімбеттің күйлерімен таныстыруда бірі батыс, екіншісі шығыс өңірлерінің өкілдері және олардың күй тарту ерекшеліктерін түсіндіріп «төкпе күй», «шертпе күй» ұғымдардың мағынасы ашылуы керек.

2. Музыканы алғашқы тыңдау барысында жоғарыда айтып кеткендей, оқушыларға тапсырмалар беріп тыңдатамыз да, олардың қаншалықты түсініп, байқағандарын талдау кезінде білеміз. Алғашқы тыңдау кезінде бөлмеде тыныштықты сақтауды қалыптастыру керек. Егерде бір адам тыныштықты бұзса, ол барлық оқушылардың музыканы дұрыс қабылдауына кесел келтіріп, музыканың композиторы мен оны шебер орындаушыны сыйламайтындықтарын және өздерінің музыка тыңдау мәдениеттерінің төмен дәрежеде екендіктерін сезіндіруге тәрбиелейміз. Бөлмедегі тыныштықты қалыптастыру мұғалімнің тыңдатылатын музыкалық шығармаға деген оқушылардың қызығушылығын, ынтасын, зейінін ұйымдастыра білу шеберліктеріне байланысты. Музыка ойналып жатырғанда мұға-

лімнің өзі де бір орында отырып, не тұрып қозғалмай оқушыларға үлгі болып тыңдауы керек, әйтпесе оның сәл қимылы, қағаздарды қозғауы немесе әрлі-берлі жүруі оқушылардың көңілдерін бөліп, тыңдау процесіне кері әсер етеді. Мұғалім тыңдап отырған оқушылардың әрқайсысын зейін салып бақылап, кімнің қаншалықты тыңдап отырғандығын байқап, айыра білуі керек. Кейбір оқушы тып-тыныш отырғанымен соңынан қойған сұрақтар арқылы оның мүлдем тыңдамағанын байқауға болады. Мұндай оқушылардан көбірек сұрап, үнемі қадағалап, музыка тыңдауға бүкіл ойын, зейінін, ынтасын жұмылдырып отыру керек. Үнтаспадан немесе музыка орталығынан тыңдатылатын шығарманың дыбысының таза шығуын, немесе мұғалім шығарманы өзі орындап тыңдатқанда музыканың әдемі, мәнерлі қатесіз таза орындалуын қадағалау керек.

3. 1 сынып оқушыларына көңілді деген ұғымдардан бастап, кейін қуанышты, көтеріңкі, жігерлі т.б. түсініктерге ұласып, мұнды деген ұғымға қайғылы, ойлы, дабылды, құпия сырлы т.б. ұқсас түсініктер қалыптасады. Музыканың ырғағын, екінін, дыбыс жоғарылығықтарын сезіндіру мақсатында, тембрлік түсініктерін қандай аспаптарда немесе дауыста орындалып тұрғанын ажырату түрлі жанрлардағы шығармаларды жүйелі түрде тыңдату арқылы оқушылардың музыкалық сауаттылықтарын арттырып, білім деңгейлерін көтереміз.

Ұлттық музыкамен қатар әлемдік музыка өнерімен таныстырып, жаңа заманның білімді, мәдениетті бәсекеге сай жан-жақты болашақ мамандарын дайындау әр музыка ұстазының мақсаты, сол мақсатты жүзеге асыруда музыка пәнінің басты бөлігінің бірі музыка тыңдаудың да алатын орны ерекше [6, 326].

Қорыта келгенде, О.Бальзактың «ұдайы еңбек ету - өнердің де, өмірдің де заңы» дегеніндей, оқушылардың шығармашылық қабілеті мен белсенділігін арттыруда мұғалімге үнемі ізденуге, тұрақты еңбек етуді міндеттейді. Сондықтан, білім сапасын арттыру, оқушылардың біліміне, ойлау қабілетіне сай деңгейлеп оқыту, ғылыми - ізденіс қабілеттерін қалыптастырып, бізге ой өрісі жоғары дамыған, зерделі, жан-жақты парасатты ұрпақ керек екенін бір сәтте естен шығармағанымыз жөн.

Мектеп – бұл оқушы тұлғасы мен санасының дамуы қуатты жүретін, ерекше құнды, қайталанбас кезеңі. Сондықтан да білім – үздіксіз білім берудің алғашқы басқышы, қиын да қадірлі жұмыс. Мектеп балаға белгілі бір білім беріп қана қоймай, оны жалпы дамыту, яғни сөйлеу, оқыту, қоршаған ортада дұрыс көзқараста болу, жағдайларды объективті түрде бағалап, талдау жасауға үйрету, ойын дұрыс айтуға, салыстыра білуге, дәлелдеуге, сөйлеу мәдениетіне үйретеді.

Сабақта қаблетті оқушылармен жұмыс істеудің негізгі мақсаты - олардың шығармашылық жұмыста өзінің қабілетін іске асыруға дайындығын қалыптастыру. Ал мақсатқа жету оқу бағдарламасын тереңдетіп оқыту және оқушының танымдық белсенділігін дамыту арқылы жүзеге асады.

Шындығына келгенде, қандай да бір іс-әрекеттің дұрыс және нәтижелі орындалуы бұл адамның қабілеттілігіне байланысты. Сондықтан да, барлық психологтарымыз бен ғалымдарымыз осы пікір, тұжырым төңірегінде қаншама істер атқарды.

Балалық кезеңдегі бала бойындағы шығармашылық қабілеттің нышандарын тәрбиелеу мұғалімдер баланың оқуға ынтасын тәрбиелеу арқылы, олардың бойындағы қабілеттерінің дамуына кең жол аша алады.

Тәрбиеші не ұстаз алғашқы күннен бастап–ақ баланың өз ыждағаттылығымен, бейімділігін, оның қолынан не істеу келетіндігін, оқу мен еңбекке ұқыптылығы қандай екендігін есепке ала отырып, оқу және тәрбие үрдістерінде осы негізге орайластыра жүргізгені дұрыс.

Бала тәрбие үрдісінің субъектісі ретінде табиғи күш пен қабілет нышандарының негізінде алғашқы қажеттіліктер мен түрткілерге және қызығушылығына байланысты дамиды. Оның қабілеті мен қажеттіліктерінің қалыптасуына мүмкіндігі мол, ол әлеуметтік орта және тәрбиемен тығыз байланысты.

Өмір бақылаулары мен арнайы зерттеулер қабілеттің табиғи берілетінін қалтқысыз дәлелдеп отыр. Қабілеттердің тума берілмейтінін мойындаумен бірге психология белгілі іс-әрекетті табысты орындаудың шарты болатын ми құрылымының тума ерекшеліктеріне шек келтірмейді. Қабілеттер дамуының табиғи негізі болған мидың құрылымы, сезім мүшелері мен қозғалыстардың анатомиялық-физиологиялық нәсілдік ерекшеліктері нышан деп аталады [7].

Оқу-тәрбие процесінде «шығармашылық» термині интеллект, қабілет, даму, дарындылық сияқты терминдермен тығыз байланысты. Балаларды мектеп жасында дарынды, дарынсыз деп бөлу педагогиканың адамгершілік негізіне қайшы келеді. Оның үстіне педагогика мен психология ғылымында әрбір баланың дарындылығын анықтайтын дәл өлшем әлі табылған жоқ.

Шын мәнінде, адамдар арасындағы табиғи айырмашылықтар оларда қалыптасқан дайын қабілеттерде емес, дәл осы нышандар көрінісінде. Нышандар қабілет дамуының бастауы болғандықтан, адамның барынша жетіліп, кемелдену жолы осы екі құбылыстың өзара ұштасып, байланысқа келуінен болады.

Шығармашылық қабілеттің жалпыдан айырмашылығы белгілі бір іс-әрекетті жүзеге асыру үшін пайдаланылады. Орыс психологтары көркемөнер, музыкалық және математикалық деген түрлерге бөлсе, батыс зерттеулері оны сенсорлық, моторлық, техникалық, сондай-ақ кәсіптік деп тарқатады. Оқушылардың өзіне ғана тән жеке ерекшеліктері оқу, еңбек, өзге де үрдіс үстінде жарқырай көрінеді.

Осыған орай зерттеушілер оларды әр түрлі топтарға бөліп қарастырады. Ғылыми зерттеулерге қарағанда, дарынды, талантты балалардың биохимиялық, электрлік белсенділігі жоғары келеді. Олардың миы қабылдаған мәліметтерді қорытуға қабілетті [8].

Демек, шығармашылық қабілет - бала бойында тәрбие мен алған біліміне байланысты қалыптасқан қасиет. Ол отбасы, жолдастары, айналасына байланысты әрқилы қалыптасады. Осы орайда балалардың да ынтасы, іскерлігі, ізденгіштігі қоғам негізінде игерілетінін естен шығармаған жөн.

Қорытындылай келе, болашақтың бүгінгіден де нұрлы болуына ықпал етіп, азамат қоғамын алға апаратын күш тек білімде ғана. Қай елдің болмасын өсіп өркендеуі өркениетті қоғамда өзіндік орын алуы оның ұлттық білім жүйесінің деңгейіне, даму бағытына байланысты. Жас ұрпақты біз жеке тұлға деп алып қарағандықтан, демократиялы қоғамда жеке тұлғаның жан-жақты дамуына мұғалімдердің жауапкершілігі зор.

Әдебиеттер тізімі:

1. Аймағамбетова Қ., Әлімқұлова Э. Педагогикалық үрдісте оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту // Бастауыш мектеп. – 2003. – 10. -25 – 26.
2. Алдамұратов Ә. Қызықты психология / Алматы. «Қазақ университеті». – 1992. – 215.
3. Ахметов Ж. Балаларды шығармашылыққа баулу жолдары // Қазақстан мұғалімі. – 1996. - № 5. – 15 – 16.
4. Әбиев Ж., Бабаев С., Құдиярова А. Педагогика /Алматы: Дарын. – 2004. 433.
5. Досмахонова А. Шығармашылық қабілет // Бастауыш мектеп. – 2001.- № 3. – 33.
6. Зиятова С. Оқушылардың шығармашылық жұмыстары // Ұлағат. – 2002. - № 7. – 10 – 12.
7. Жампейісова . Оқушыларды шығармашылық жұмысқа баулу //Бастауыш мектеп. - № 5. – 2006. – 22-25б.
8. Жетпісова Г. Сабақта оқушылардың қызығушылықтарын арттыру// Сынып жетекшісі. - №2. – 2007. – 30-31б.

ӨОЖ 159.922

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ЭМОЦИОНАЛДЫ ДАМУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Мусагулова Диана Бахытбековна,

педагогика және психология мамандығының

2 курс магистранты

А.Байтұрсынов ат., Қостанай өңірлік университеті

Қостанай қ., Қазақстан

Аннотация

Өзектілігі және мақсаты. Эмоционалдық процестер бұл күйдің бір түрі болып табылады. Отандық психологтар эмоцияны болмыстың заттары мен құбылыстарына қатынастың ерекше формасы деп санайды. Эмоциялар субъект пен объектінің күрделі әрекеттесуінен туындайды және тудыруы мүмкін объектілердің ерекшеліктеріне байланысты. Сондықтан Г.И.Батурианың пікірінше, эмоциялар қоршаған шындықты көрсететін танымның бағалау қызметін атқарады. «Таным процесінде субъект, бір жағынан, заттар мен құбылыстарды табиғи қатынастар мен байланыстардағы күйінде бейнелейді, екінші жағынан, ол бұл құбылыстарды өзінің көзқарасы мен қажеттіліктері тұрғысынан бағалайды» (Батурина Г.И. Эмоциялар мен сезімдер шындықты бейнелеудің ерекше формасы ретінде).

Түйінді сөздер: бала, сезім, эмоция, үлкен жас, мектеп жасына дейінгі бала, баланың жеке басының қалыпты дамуы, әлеуметтік дамуы, баланың эмоционалдық сферасы.

Аннотация

Актуальность и цель. Эмоциональные процессы - один из видов этого состояния. Отечественные психологи утверждают, что эмоции –это особая форма отношения к предметам и явлениям действительности. Эмоции возникают при сложном взаимодействии субъекта и объекта, и зависят от особенностей предметов, которыми могут быть вызваны. По этому, как считает Г.И Батурина, эмоции, выполняю оценочную функцию познания, отражая окружающую действительность «В процессе познания субъект с одной стороны отражает предметы и явления такими, каковы они есть в естественных отношениях и связях, с другой стороны, он оценивает эти явления с точки зрения своих установок и потребностей « (Батурина Г.И. Эмоции и чувства как специфическая форма отражения действительности).

Ключевые слова: ребенок, чувство, эмоция, старший возраст, дошкольник, нормальное развитие личности ребенка, социальное развитие, эмоциональная сфера ребенка.